

ТАБИҒАТЫНА ТАРТҚАН ТҰЛҒА

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ

Табиғат-Ананын таңғажайып ісіне кейде таңқалмасқа да болмайды. Шыр етіп, дүниеге келіп, кіндік қаны таматын жерді ешкім таңдап алмайды. Өміртірлік қай жерден бұйыртады, сол арада дүниеге келесін.

1873 жылдың қақаған қысында Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келсе, түп-тура сол ғұлама ғалымның кіндік қаны тамған жерде, (1939) жылдың аязды ақпанында академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туды.

Осының алдында ғана Ахан нақатан атылып, о дүниелік боп кеткен еді... Сөйтіп болашақ ғалым Кенжеғали Әбенұлы Ахан туған топырақта дүниеге келіп. Ахан туған Ақкөлдің құмына аунап, суына шомылып өсті. Ахан ауылында бастауыш мектептен білім алды. 1948-1950 жылдары іргесін ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин қалаған, бір кезде Аханның өзі де оқыған — қасиетті де қастерлі мектептен

дәріс алып, тәлім-тәрбие көрді.

Бала Кенжеғали, жігіт Кенжеғали осылайша Ахан атының ізімен келе жатты. Ақыры 1955 жылы Аханның өзі дәріс берген осы күнгі Әулікөл метебін күміс медальмен тәмамдады. Араға бес жыл салып осы күні әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің «Өнеркәсіп экономикасы» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. Күр бітіре салған жоқ, осы жылдарда университетте үздік оқығаны үшін сол кездің өзінде-ақ «Сталиндік стипендия» атанды. Үздік оқудың нәтижесі Г. В. Плеханов атындағы Москва халықшаруашылық институтының аспирантурасында оқуға мүмкіндік жасады. Алдымен, кандидаттық, содан кейін докторлық диссертация қорғады. Екеуі де Плеханов атындағы Москва халық шаруашылығы институтының қабырғасында күрделі құрылысты өркентету мәселелеріне арналды.



Академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев қай уақытта да жастардың қамқоршысы болып, олардың өмірі мен болашағына ешқашан немқұрайлы қарап көрген емес. Егер онын саналы ғұмырындағы еңбек жолына көз жүгіртіп көрсек, онын жастар үшін жасаған сан алуан саликалы да салмақты істеріне куә болар едік.

Өзі ұзақ жыл қызмет істеп, мандай терін төккен, ғылым мұхитына терең бойлаған осы

күнгі Сәкен Сейфуллин атындағы Ақмола ауылшаруашылық институтының ректоры (сонымен қатар Солтүстік Қазақстан жоғарғы оқу орындары ректорлар кеңесінің төрағасы) бола тұрып, талай талантты жастарды білім қиясына ұшырып ұлағатты еңбек еткен келелі қазақ туралы кезеңін әңгіме айтар сәттің жөні өзінше бөлек болса керек.

Жақында белгілі режиссер Сәулебек Асылбекұлы екеуіміз Аханның туғанына 125 жыл толуына орай «Ақкөлден Алатауға дейін» деп аталатын бейнефильм түсіріп қайттық. Онда Аханның кіндік қаны тамған, балалық, жастық шағы өткен, алғаш қолына қалам алып, хат таныған, бозбала күнінде інкөр қызға ғашық болған Ақкүм өнірін, ата-бабасының зираты жатқан «Жыланшақ» бойындағы Сардыбек қыстауын, арнасына сыймай ақтарыла толқып жатқан — Ақкөлдi көріп бейнетаспаға түсіріп қайттық. Алматыға келген соң, сол өңірде тап осылай

балалық кезең. жастық шағы өткен Кенжекеңе Ахан жайынан аз да болса есте қалған бірденбіз бар ма деген сауал тастағанбыз.

— «Шөптікөлден» өгіз арбаға отырып алып. әкем екеуіміз Ақкөлге жиі барушы едік, — деп еске алады Кенжекең. — Жол ұзақ, өгіз арбаның митын жүрісі өніп болмайды. Екі-үш қырды артқа тастағаннан кейін, әкем жан-жағына қаранып, енді ешкімнің бұл манда жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін, өулеттің бір майда қоныр мақамға салып алып, таусылмайтын ұзақ жырды толғаушы еді-ау шіркін. Соның:

Қаз едік қатар ұшып
қанкылдаған,
Сахара көлге қонып
санкылдаған.
Бір өртке қаудан шыққан
душар болып,
Не қалды төнімізде
шарпылмаған?!
Алаштың адамының бәрі
мәлім,
Кім қалды таразыға
тартылмаған...
деген жолдар өлі күнге дейін
есімде! — деген еді.
Ұясында жатып Ұлы Атаның
әнiн естіген есті ұрпақтың қай
кезде де қажыр-қайраты
кемімеуге тиіс. Мен Кенжеғали
Әбенұлы Сағадиевті әр көрген
сайын осындай ойға батам.